

2026 жылға Павлодар қаласы бойынша арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтерді бекіту туралы

Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 22 қаңтардағы № 132/1 қаулысы

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 142-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы "Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ережесі мен әдістемесін бекіту туралы" № 281 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32987 болып тіркелген) сәйкес Павлодар қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2026 жылға Павлодар қаласы бойынша арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтер осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Павлодар қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар қаласының әкімі

Х. Хабылбеков

Павлодар қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 22 қаңтардағы
№ 132/1 қаулысына
қосымша

1 көрсетілетін қызметті алушыға арнаулы әлеуметтік қызметтерге жан басына шаққандағы тариф

Р/с №	Атауы	Айына 1 көрсетілетін қызметті алушыға тариф (теңге)
Мемлекеттік мекемелер		
	Үйде қызмет көрсету ұйымдары	
1	Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Халыққа әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	46 095,36

	Уақытша болу ұйымдары	
1	Павлодар қаласы әкімдігі, Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Дағдарыс орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	308 311,80
2	Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Өмірлік қиын жағдайға тап болған тұлғаларды қайта әлеуметтендіру орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	188 658,98
Үкіметтік емес ұйымдар		
	Үйде қызмет көрсету ұйымдары	
1	"Үміт үзбеу" қоғамдық қоры	64 993,44
2	"Бірлік" қоғамдық бірлестігі	40 287,33
	Уақытша болу ұйымдары	
1	"Үміт үзбеу" қоғамдық қоры	209 878,84
	Жартылай стационар жағдайындағы ұйымдар	
1	"Альрами" Клуб Үйі" менталды ауыстқылары бар жандарға арналған қоғамдық бірлестігі	202 192,43